



ТІЛ ТАҒДЫРЫ- ЕЛ ТАҒДЫРЫ



Қазақстан мемлекетінің тіл туралы заңы

1. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын нақтылау;

2. Тіл саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, әсіресе жаңа технология саласында;

3. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру міндеттерін орындау үшін шаралар қолдану;

4. Тіл туралы Заңды жүзеге асыруға қажетті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстарды барынша тиімді пайдалану;

5. Тілді оқыту мен үйретудің озық әдістемелері мен жаңа технологияларын енгізу;

6. Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңейту, іс-қағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіруді нақты қолға алу.

Түркі халықтарының тілдері туралы

Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі. Екі тіл білетін және шаһар халықтарымен араласып тұратын адамдардың тілдерінде шұбарлық болады. Соғдақ, кенжек, арғу тайпалары дәл сондай екі тіл білетіндерге жатады.

Қай тіл көп тараған?

Дүние жүзінде ең көп тараған тіл қайсы дегенде, біреулер ағылшын тілі десе, енді біреулер қытай тілі деп жауап береді. Бұл екі пікірдің қайсысы дұрыс? Бірінші орынды, сөз жоқ, ағылшын тілі алады, өйткені ол дүние жүзінде ең көп тараған халықаралық тіл болып табылады. Ал егер бір тілде сөйлеушілердің саны бойынша анықтасақ, ағылшын тілі екінші орында тұрады. АҚШ Лингвистика институтының жуырда жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша, сол бір тілде сөйлейтіндердің саны жағынан ең көп тараған тіл қытай тілі екені көрінеді. Бұл тілде 844 млн. адам сөлейді екен. Ағылшын тілінде – 434 млн., хинди тілінде – 338 млн., испан тілінде – 331 млн. Адам сөйлейді.

Тіл туралы мақал-мәтелдер:

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

Кітап-ғылым — тілсіз мұғалім.

***Оқу алды — қызыл тіл,
бірден соңғы мергеншіл.***

***Кылышынан кан тамған батырды,
Тілінен бал тамған акын алады.***

Өнер алды — қызыл тіл.

**Тіл тас жарады,
Тас жармаса,
Бас жарады.**

Баска пәле тілден

**Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.**

**Ең тәтті де – тіл,
Ең ашты да – тіл,
Ең жұмсақ та – тіл,
Ең катты да – тіл.**

Даналардан қалған сөз

Тәрбие басы – тіл.	М.Қашқари
Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың.	К.Паустовский
Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады.	Г.Гегель
Халықтың тіліне қиянат жасау – оның жүрегін жаралау.	Г.Лаубе
Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек.	П.Вяземский

*Тіл жүректің айтқанына көнсе,
жалған шықпайды. Ақылдың тілін
алса, жүрек ұмыт қалады.*

Г.Лаубе

*Туған тіліне жаны ашымаған адам
– жәндік.*

К.Паустовский

Тіл – ұлттың жан дүниесі.

Л.Толстой

*Қандай да болсын халықтың
әдет-ғұрпын үйренгің келсе,
алдымен оның тілін үйрен.*

Пифагор

*Егер ертең туған тілім жоғалар
болса, мен бүгін өлуге даярмын.*

Р.Ғамзатов

Тіл жоқ жерде - ұлт жоқ.

Ш.Айтматов

Ақын-жазушылардың тіл туралы пікірлері



- *Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.*

Ғ.Мүсірепов



- *Бұл дәуірде, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес.*

M.

Әуезов



- ***Тілдің тірікшіліктегі мәніне қазақ ежелден көңіл бөлген. Сондықтан да “өнер алдықызыл тіл” дейді.***

С.

Мұқанов



- *Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.*

Б.Момышұлы



- **Сүйемін туған
тілді – анам тілін,
Бесікте
жатқанымда-ақ
берген білім.
Шыр етіп жерге
түскен
минутымнан,
Құлағыма сіңірген
таныс үнін
С.Торайғыров**



- *Қазақстанның
болашағы –
қазақ тілінде
Н.
Назарбаев*

шығармашылық

Мемлекеттік тіл – менің тілім!

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.


Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.



Туған тілім



*Туған тілім қазынам, алтын кенім,
Жаңа алыпқа өзіңді алып келдім.
Қош келдің туған өлке, бесігіңе,
Қасиетті бабамның тілі менің.
Дұшпандардың талайын қызыл тілмен,
Қылыштай сүйектерден тілімдедің.
Өтсе де талай ғасыр, қилы заман,
Қасиетті тілім менің бүлінбедің.*



Қорытынды: Бүгінгі «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты пікір таласымызды қорытындылай келе жақтаушы топтың мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің қаншалықты дейгейде дамып келе жатқанын, қоғамдағы орнын, көптеген қазақша мектептердің көптеп ашылып жатқанын және бүкіл іс-қағаздарының, құжаттардың 2007 жылдан бастап толық қазақ тіліне аударылатынын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Тіл тарихына шолу» атты кітабындағы тіліміз өз орнымен дамып келе жатқанын айтып, дәлелдеп кетті.

Тіл тағдыры болашақ жастардың қолында, біз жастарға сенеміз!

Тіл мәртебесін биіктетейік, халайық!

Тіл тағдыры – ел тағдыры.